

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. Л.Н.ГУМИЛЕВА
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ И ПОЛИТОЛОГИИ
КАФЕДРА ПОЛИТОЛОГИИ**



**ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ
ҮДЕРІСТЕР: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**VII-Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
13 сәуір 2017 ж.**

**СОЦИАЛЬНО – ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ:
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ
Материалы VII- Международной научно-
практической конференции
13 апреля 2017 г**

Астана, 2017

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нургазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Кандидат философских наук, доцент **М.Я.Мацевич**,
Республика Беларусь

С 69 Социально-политические процессы: проблемы и перспективы.

Сборник материалов VII Международной научно-практической конференции. (13 апреля 2017 г) – Астана, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева.

ISBN 978-601-301-957-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, особенности стратегического приоритета модернизации общества в вопросах человеческого капитала и новые форматы социально-коммуникативных и инновационных процессов.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-301-957-4

УДК 327(063)

түсінуге болады». Демек, ағылшын тілін меңгерген адам әлемде кез-келген адаммен еркін коммуникацияға түсе алады деген сөз.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік билік тарапынан «Үштұғырлы тіл» реформасы қоғамда пікірталас тудырғанымен, кезең-кезеңімен орындалуды қажет ететін жұмыс. Бірақ қандай жағдайда да ана тіліміздің мәртебесі жоғары болуы қажет екенін қазіргі жастарға да, болашақ ұрпағымызға да ұғындыру парызымыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. Астана қаласы, 2006 жылдың 24 қазаны.
2. Үштілділік қазақтың соры ма, бағы ма?//Қазақстан заман газеті. - 11.07.2016
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
4. Ерлан Сағадиев: ҮШ ТІЛДІ ОҚЫТУ – ЖАҢА МИНИСТРДІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ ЕМЕС, ЕЛБАСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ// <http://qamshy.kz/home/show/6240>. 22/04/2016
5. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар//«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

*Қалиоллаұлы Дәрмен
саясаттану кафедрасының аға оқытушы
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан*

ЖАҢАНДАНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Abstract:

This article examines the problems of research and the ways of their solution of information security in Kazakhstan in the light of globalization processes.

Key words: information security, globalization, information.

Ақпараттық технологиялардың дамуы, оларды адам қызметтерінде кең пайдалануы жыл сайын ақпараттық қауіпсіздік проблемаларының өзектілігін және бірегей күрделілігін дәлелдеуде.

Ақпарат- кез келген қорғаныс шебін бұзып-жаратын қару екендігін ұмытпаған абзал. Демек бүгінгі жахандану дәуірінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең алдымен ақпараттық қауіпсіздіктен бастау алуы тиіс. Ендеше ақпараттық қауіпсіздік мәселесін, бүгінде әлемдік қоғамдастықты тұтастырып отырған жаһандану үрдісі мен сабақтастыра жалғастырсақ. Жаһандану адамзат дамуына тән жағымды да жағымсыз аспектілерден тұратын тірі организм іспетті. Бұл үрдістен сырт қалу қаншалықты негізсіз болса, оған бейімделуде соншалық күрделі.

Бүгінгі әлемдік жахандану үрдісінде қандай да бір мемлекет, соның ішінде Қазақстан Республикасының саяси құрылымның позитивті қызмет атқаруы, саяси сананың дамуы, саясаттың объектісі мен субъектісінің өзара әрекеттесуі дамыған ақпаратсыз мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі артықшылықтарын анықтау ақпараттық ортаға жататын қатерлерді әшкерелеуде, оларды жеңу жолдарын табуда, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіруде және тағы басқасында көрініс табады. Ақпараттық салада саяси ұстанымдарды бақылай алатын және түзете алатын дамыған азаматтық қоғам ақпараттық қауіпсіздіктің приоритетін іске асыруда мемлекеттің тұрақты және тартыссыз дамуына негіз болады. Сондықтан, қазақстандық қоғамның ақпараттық қауіпсіздігіне төніп тұрған әлеуетті қатерлерді зерттеп, танып, біліп отырған абзал.

Біріншіден, Қазақстан көпұлтты және көп конфессиялы мемлекет, 130-дан астам ұлт 40-тан астам діни конфессиялардың 4 мыңнан астам бірлестіктері жұмыс істеуде. Мұндай саяси этникалық ортаны ақпараттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін талап неғұрлым күрделі, өйткені кейбір жалған ақпараттар этникалық топтардың жағдаятын шиеленістіре отырып, әлеуметтік ортаға деген қауіпті жандандыра түседі.

Екіншіден, Бүгінде шет елдің нақтырақ айытқанда ресейлік ақпараттың құрсауында қалған Қазақстандық БАҚ өз мемлекет билігінің жоспары мен мақсаттары туралы қажетті ақпаратты қазақ қоғамына тиісті көлемде шынайы жеткізкізу мүмкіндігінен айырлу қаупі бар. Мұндай жағдайлар қазақ елінің рухани құндылығын жоя отырып Қазақстанның ақпарат нарығына қауіп төндіреді.

Төртіншіден, Қазақстанның ақпараттану индустриясында да кейбір қауіптер бар, мәселен, отандық электронды өнеркәсіптің жоқтығы және оны қалыптастыруда мемлекеттің эффективсіз қызмет атқаруы.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде болып жатқан бұл процестер оның ақпараттық қауіпсіздігіне тікелей әсерін тигізеді. Бұл ретте ақпараттық қауіпсіздіктің нақты жай-күйін бағалау және осы саладағы негізгі проблемалар мен бағыттарды айқындау кезінде ескеруді қажет ететін жаңа саяси факторлар туындайды:

- әлемнің түрлі өңірлерінде геосаяси жағдайдың өзгеруі;
- әлемдік саяси, экономикалық, әскери, экологиялық және басқа да процестердің жаһандық мониторингін жүзеге асыратын, ақпаратты біртарапты артықшылықтар алу мақсатында тарататын әлемнің дамыған елдерінің ақпараттық өктемдігі;
- демократия, заңдылық, ақпараттық ашықтық, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру принциптері негізінде жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы;
- ішкі саяси дағдарыстардың туындауы: билік тармақтары арасындағы, аумақтық мемлекеттік құрылым субъектілері арасындағы жанжалдар, қорғалатын тұлғаларға қастандық жасалуы;
- ішкі саяси блоктардың, одақтардың, альянстардың қызметі, әлемде күштердің геосаяси орналасуына әсер ететін жаңа әскери-саяси бірестіктердің құрылуы;
- реформалар жүргізу процесінде Қазақстанның шетелдермен неғұрлым тығыз ынтымақтастық жасауға ұмтылуы;
- терроризм және экстремизм, қылмысты жағдайдың ушығуы, әсіресе кредит-қаржы саласында компьютерлік қылмыстар санының өсуі болып табылады. [1, с.3]

Ендеше, бүгінгі әлемдік жаһандану процесіндегі қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік мәселесін тиімді шешу үшін ең алдымен, ақпаратты қорғау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арыттыру лазім. Атап айтқанда, ақпараттарды рұқсатсыз қол жеткізу мен көшіруден қорғаудың техникалық құралдарын жетілдіру. Ақпараттың таралуына қарсы әрекет ететін қауіпсіздік саясаты мен ұйымдық-техникалық шараларды іске асыру. Деректерді қорғауды ұтымды үйлестіру, ақпараттың тұтастығы мен құпиялылығын қамтамасыз ету. Ақпараттық-коммуникациялық салада, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласында білікті кадрларды көптеп тәрбиелеу.

Қазақстан үшін ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық доктринасын өндіру негізгі талаптардың бірі болу керек, ақпараттық еркіндік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шарттар мен шекараларды қарастыратын құнды тұжырымдамалық құжаттардың біріне айналып, жаңа қазақстан қоғамының ақпараттық аясындағы теріс тенденцияларды меңгеру керек.

Жаһандануға жауап ретінде ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық доктринасын дамыту орынды. Мұндай құнды құжатты қалыптастыруда Қазақстан Республикасының қауіпсіздік Кеңесіне ақпараттық технологиялар саласындағы білгір мамандарды және алдыңғы қатарлы саясаттанушыларды, әлеуметтанушыларды тарту керек. Бұл құжат ақпараттық салада мемлекеттер арасындағы саяси серіктестік және әділетті ынтымақтастықты реттеуде үлкен қадам жасайды. Бұл доктрина мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің доктринасымен үйлесуі керек, өйткені ақпараттық қауіпсіздік Қазақстанның ұлттық және саяси қауіпсіздігінің жасаушысы.

Қазақстанның қауіпсіздігін нығайтуда ең басты шара мемлекеттің ақпараттық саясатын тиімді іске асыру. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың концептуалды мәні ақпараттық әрекеттесудің қатысушыларының құқықтық теңдігі саяси, әлеуметтік, экономикалық мәртебесіне тәуелсіз болуы шарт. Ондай құқықтық теңдік азаматтардың ақпаратты заңды тәсілмен еркін іздеуіне, алуына, беруіне және таратуына негіз болады.

Бұқаралық ақпараттың бостандығын жөнге салу ақпараттық қатынастарда құқықтық теңдікті қамтамасыз етеді. Баспасөздің бостандығы шындықтың кепілі бола алмайды. Өзінің бостандығы туралы идея мен тәуелсіздігіне бел буған бұқаралық ақпарат көздері болашақта қоғамның, мемлекеттің, тіпті жеке бас мүддесімен санаспай, ақпараттық жағдайларға күдік ұялатады.

Жалпы, ақпараттық саладағы проблемалардың зерттелуі мен ғылыми формасы және ақпараттық қауіпсіздіктің жүйесін дамыту мен құруында мемлекеттің өзіне ғылыми талаптарды орынды қалыптастыру қажет. Бұл жағдайда мемлекеттің алдында қоғамның даму бағдарламаларын жүзеге асыру, бұқаралық санада мемлекетті позитивті жағынан көрсетуде белсенді ақпараттық саясат жүргізген жөн болар. Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл күйлерді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек.

Сондықтан, ақпараттық салада мемлекет қабылдайтын шаралардың қисыны да аталмыш мәселелерден өмірдің өзінен туындап отырғанын ерекше атап айту ләзім.

Әдебиеттер тізімі

1. Алдажаров Қ.С. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері: Оқу құралы. – Алматы. 2011.

УДК 321.316

*Клименков М. А.
Аспирант ФГБОУ ВО
«Кемеровский государственный университет»,
г. Кемерово, Россия*

*Научный руководитель – доктор политических наук,
профессор Матвеева Е.В.*

ФАКТОРЫ СТАНОВЛЕНИЯ «ФАБРИК МЫСЛИ» И НАУЧНЫХ СООБЩЕСТВ В ПУБЛИЧНОЙ ПОЛИТИКЕ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

На современном этапе резко возросла роль представителей практико-ориентированного научного знания. Кратко таких носителей можно назвать представителями научного сообщества или учеными, которые не только готовы оказывать свои экспертные, аналитические и консультативные услуги представителям власти, но и сами готовы предлагать свои идеи и предложения, в том числе и подготовленные проекты реформирования тех или иных направлений публичной политики.

Понятно, что в одиночку такие проекты подготовить практически невозможно, поэтому в современном мире достаточно широкое распространение получили такие институты как «фабрики мысли» (think tanks) или «аналитические центры», в состав которых входят представители научного сообщества с учеными степенями и званиями, способные предложить свои услуги властным структурам. Интеллектуальные структуры типа «фабрик мысли» на современном